Тырналар жыры

Солтүстік Осетия-Алания республикасының батысындағы Алагирск ауданына қарасты таулы қыратта Дзуарикау атты шағын ауыл орналасқан. Ауылдың аты осетин тілінде «Әулие мекен» дегенге саятын көрінеді. Осында «Жеті бауырға ескерткіш» атты монумент бар. Оның ұшар басына қанаттарын түйістіре самғаған ақ тырналар бейнеленсе, ескерткіштің етегіне қайғы мендеп қара жамылған әз ананың мұңлы бейнесі мүсінделген.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»



Аталған ауыл осы ескерткішімен танымал. Елді мекенді жанай өткен жан баласы оған соқпай кетпейді. Өйткені бұл ескерткіш өте бір тағдырлы оқиға жайлы сыр шертіп тұр. Екінші дүниежүзілік соғыстан бұрын бұл ауылда Газдановтар отбасы өмір сүрген. Отағасының аты – Асахмет болса, отанасының есімі – Тассо. Бұлардың жеті ұл, бір қызы болыпты.

Ағайындылар шетінен өнерлі екен. Бірі ән айтса, екіншісі скрипкада ойнаған, тағы бірі керемет биші дегендей. Үлкені Магомед Газданов ауылдың алғашқы тракторисі болса, екінші баласы Жарахмет тақымы тозбас шабандоз, арындай шапқан жүйрік аттың үстінде келе жатып, жердегі тиынды іліп алатын өнерлі екен. Үшінші ұлы Хажыисмел скрипкашы әрі әнді жақсы айтса, пединститут бітірген төртінші ұлы Махарбек әдебиеттен сабақ беріпті. Бесінші баласының аты – Созерко. Бұл жігіт Орджоникидзе қаласындағы ауылшаруашылық техникумында білім алса, алтыншы ұл – Шамил әскери училище бітірген артиллерист офицер. Кенжесі Хасанбек орта мектепті бітіре сала 17 жасында жалаңаяқ майданға аттанған.

Тағдырдың жазуы шығар. Соғысқа аттанған осы жеті ұлдың бірі де аман қайтпапты. Әулеттің үлкені Магомед пен кішісі Хасанбек 1943 жылы хабарсыз кетсе, Махарбек 1941 жылы Мәскеу түбінде, Хажисмел Севастопольді қорғауда, Жарахмет Новороссийск шайқасында қаза тауыпты. Бесінші ұл Созерко Киев үшін болған шайқаста, алтыншы бала Шамил 1945 жылы Ригада госпитальда жатып, ауыр жарақат салдарынан бақилық болған.

Үшінші ұлынан қара қағаз келген сәтте, мұндай ауыр қайғыны еңсере алмаған анасы Тассо жан тәсілім етіпті. Ең соңғы жетінші ұлдың мерт болғаны жайлы келген қаралы хабарды пошташы естіртуден бас тартады. Содан сельсоветі бар, парторгы бар бас қосып, мұндай ауыр қазаны естіртуді ауыл ақсақалдарына жүктейді. Олар қан майданда қаза тапқан жеті ұлдың әкесіне қаралы хабарды жеткізу үшін қара жамылып келе жатады. Оларды көріп бір жамандықты іші сезген Асахмет қария ауыр күрсініп, жеті ұлдан қалған жалғыз тұяқ Миланы құшақтаған күйі иманын айтып, о дүниеге аттанып кете барған.

Үлкен әулеттің от орнын күзетіп жалғыз қалған Мила Жарахметқызы Газдановтың естелігінде: «Ағайынды Газдановтардың соңғысы майданға аттанған сәттен бастап, апам ораза ұстады. Күндіз де, түнде де тамақтанбады. Ол аптаның әр күнін жеті ұлына бір-бірден арнады. Ал атам қаралы хабар әкеле жатқан адамдарды көрді де, мені құшақтаған күйі «Осымен бәрі бітті, ең соңғы үмітім өшті» деді де, өзі де ұлдарының соңынан аттанды» депті.

Дзуарикаулықтар мына оқиғаны мәңгі есте сақтау үшін 1963 жылы жоғарыдағы ескерткішті тұрғызған. Бірде бұл жерге дағыстандық атақты жыршы, авар халқының арда ұлы Расул Гамзатов ат басын бұрыпты. Жеті ұлдың қазасы қабырғасын қайыстырған ақын үйіне барған соң «Тырналар» («Журавли») атты жыр жазған. Оны Наум Гребнев дейтін орыс ақыны орысшаға аударған. Кейін осы мәтінді оқыған танымал әнші-әртіс Марк Бернес атақты сазгер Ян Френкельге дайын сөзге ән шығару туралы ұсыныс тастайды.

Ұсынысты қабыл алған Ян Абрамович екі ай шамасында әуенін жазып, шикілеу күйінде Бернеске телефон арқылы тыңдатады. Арғы жақтан Марк Наумовичтің өксіген үні естіледі. Марк анау-мынауға жылайтын адам емес. Демек, әннің музыкасы жүрекке жетті деген сөз. Бұл Янның ойы.

Сөйтіп, жаңа әнді Марктың орындауында студияға жаздыру қажет болады. Бұл кезде атақты әнші қатерлі ісік ауруына шалдыққан болатын. Ол өмірінің соңғы нүктесін осы ән арқылы қойғысы келген болуы керек, 1969 жылы 8 шілде күні ұлының сүйемелдеуімен студияға келеді де, әнді бір-ақ рет айтып таспаға түсіреді. Расында, бұл Марк Бернестің соңғы әні екен, кешікпей ол 16 тамыз күні дүниеден өтіпті. Екі күннен кейін, яғни 18 тамыз күні бұл кісіге «КСРО Халық әртісі» атағы беріліпті.

Аталған жырды қазақ ақыны Сағи Жиенбаев қазақшаға аударып, 1981 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген Расул Гамзатовтың «Тырналар» атты өлеңдер жинағына енгізген екен. Жырдың толық мәтіні мынау:

Кейде маған – қайтпай қалған
майданнан,
Қайран ерлер – ерте
үзілген гүлдердей,
Қабірде емес, сонау биік заңғарда
Аппақ-аппақ құс боп
ұшып жүргендей.

Содан бері қиқу салып, құлшынып,
Бізге қарай келеді ұшып олар да.
Аспан жаққа үнсіз ғана күрсініп,
Жаутаң-жаутаң етеріміз содан ба?

Келеді ұшып өзге жердің көгімен,
Кешкі тұман арасында сабылып,
Келеді ұшып жұбын жазбай
тобымен,
Жерде жүрген адамдардай ағылып.

Келеді ұшып көзіне тер тамшылап,
Біреулердің атын атап адамша,
Құдірет-ау, тырналардың даусына
Авар тілі ұқсайтыны қалайша?

Келеді ұшып, жазбайды бір
тобын да,
Бауырларым, жан достарым –
ерлерім,
Ортасында құйттай ашық
орын бар,
Бәлкім, мәңгі орным шығар ол менің!

Дәм таусылса, тырнаға
еріп бір күнде,
Мен де сонау жер түбіне кетермін.
Бар әлемге шырқап авар тілінде,
Достарымның атын атап өтермін.

«Самалтауды» салғанда...

«Әркімнің туған жері – Мысыр шәрі» дегендей, көзін ашып көрген шоқысы мен тауы қай адамның болсын Самалтауы емей немене? Қолатынан самал еспесе, сайынан жұпар аңқымаса, оның тау аты қайсы?! Жазы-қысы желі бір тынбайтын ауылдар да болады. «Бораны он күн соққан естен кетпес, үйренген ауылыма ештеңе етпес» деген жолдар да атақты «Самалтау» әні шыққан атыраптан алыс жерде тумаған.

Жәнібек ӘЛИМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Бұрын алты қырдың астынан естіледі дейтін ән мен әншіні әспеттегенде. Ән төресі «Самалтауды» Димаш Құдайберген орындағалы алты құрлыққа бір-ақ тарады. Сөйткен күні қазақ – Димаш орындағанға дейін Бекболат Тілеуханның шырқауында халық әні аталып келген туындының шығу тарихы мен авторына сұрау салып, Алаш даласынан Самалтау атты жер іздеп кетті. Өнертанушылар мен өлкетанушылар әртүрлі пікірде. Көбісі ондай жер аты жоғын айтады. Серікбол Хасанның осы ән туралы зерттеу мақаласында Берік Жүсіп «Самалтау» – жер атауы емес, әндегі типтендірілген бейненің «самал таулы, шалқар көлді қайран елі» еді ғой» дейді. Иә, самал тауды іздейтін болсақ, сағым бел, шалқар көлді де іздеуге тура келмей ме?

Ертедегі әндердің есерінен естісі көп. Оның бір дәлелі «Елімай» болса, бірі – осы «Самалтау». Екеуі де халықтың зары. Бірі жоңғар шапқыншылығы, екіншісі орыс отаршылдығы тұсындағы заманның запыраны. Димаш қалай орындаған және бұл шығарманы зар күйіне келтірген! Ықылас Дүкенұлы күйімен тұздықтағанда, нағыз түркілік көне сарын мен қазақы мәнер жымдасып шыға келген. Біздің кейбір тыңдармансымақтар ұлттық дүниеден безіп жүргенде, АҚШ оны президентін ұлықтау рәсіміндегі шарада төріне шығарып, төбесіне көтеріп қойды. Сол Джо Байденнің инагурациясына орай өткізілген кештің ұйымдастырушысы Sister Cities International компаниясының өкілі Dean Suozzi-Auberry өзінің InfoArtis JK (АҚШ) арнасына берген сұхбатында айтқан пікірі қайран қалдырды бізді.

– Неге Димаш Құдайберген, ол кісіні қандай қасиеттеріне байланысты таңдадыңыздар? – деген сұраққа:

– Әлемге белгілі әншілердің арасынан жан-жақты зерттей келе таңдауымыз Димаш Құдайбергенге түсті. Себебі Димаш – ұлтын сүйетін азамат, бойында адамдық құндылықтың қазынасы бар тұлға. Ол – әлемдік бейбітшіліктің символы іспетті. Оны әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдар жақсы көреді. Біздің ойымызша ол – саясаттан биік тұлға. Өзінің әнімен, тамаша даусымен тілі бөлек, танымы бөлек миллиардтаған жандардың жүрегіне жол тапқан нағыз өнерпаз, әлем елшісі деуге болады.

Екіншіден Орта Азиядағы мемлекеттермен қарым-қатынасымыз жақсы, Қазақстанмен де тығыз байланыстамыз. Бұл жақындығымызды одан әрі жақындата түскіміз келеді.

«Самалтау» әні – ұлтын сүйген, тыныштықты аңсаған, отбасының бақытты ғұмыр кешкенін армандаған, құлдық кісенінен босанғысы келген кеудесіне шер толған азаматтың әні. Тарихи ән! Біз сондықтан осы әнді таңдадық, – деген екен.

Біздіңше, бұл – кімді болсын қайран қалдыратын сөз. Америкада әнші немесе ән құрып қалған жоқ. Димашты «саясаттан биік» деп парасатқа жуық әңгіме айтады. Димаш саясаттан биік болса, Тәңірінің берген өнерімен, әнімен биік. Өнер де, әдебиет те ұлтын сүйген жүректен ғана шығады. «Самалтау» әні – ұлтын сүйген, тыныштықты аңсаған, отбасының бақытты ғұмыр кешкенін армандаған, құлдық кісенінен босанғысы келген кеудесіне шер толған азаматтың әні» болып тұр өйткені.

Осы «Самалтау» әніне байланысты жақында бір дерек кездестірдік. Өлке тарихына жетік жаңаарқалық ақсақал, марқұм Әліп Жайлыбайдың кітабын құрастырып отырып, «Елу жылдан кейінгі жарты сағаттық кездесу» атты мақаласынан ұшырастырдық. Әліп Жайлыбай 1972 жылы Жаңаарқа ауданына облыс орталығынан Қарағанды педагогикалық институтында партия тарихы кафедрасының меңгерушісі, ғылым кандидаты, доцент Шәйзарат Хасенов атты лектор келіп, Сұлтан деген ақсақалмен кездескенін есіне алады да, әңгімені былай өрбітеді:



«Сұлтекең дегені – Түйтебайдың Сұлтаны. Естуімше, кезінде Омбыда мұғалімдер семинариясында оқыған. Содан республикалық, облыстық мекемелерде жұмыс істеп, 1934-1937 жылдары Жаңаарқа ауданында жер бөлімінің бастығы қызметін атқарған. 1937 жылы «халық жауы» ретінде сотталып, 1948 жылы босап келген. Сол келгеннен бері қызмет істеуге ұмтылмаған. Жылқы баққан, он жылдай бұрын зейнеткерлікке шықса да, Бетпақтың шетінен кетпейді, көпшілік ішіне кірмейді. Сірә, сонау он жылдағы көрген құқайы жанына қатты батқан болу керек. Әңгімені жақсы айтатын, білетіні көп адам. Бірақ анау он жыл туралы әңгіме айтқанын естімедім. Үйдің сыртынан тоқтай қалдық. Есік алдында үй иелерімен кездесіп, амандастық.

– Үйге кіріңіздер, – деді. Шәкең (Шәйзарат Хасенов) алда, үйге бет алдық. Мен «мына кісі лектор, мына кісі сыйлы ақсақалымыз» деп бір-біріне таныстырдым. Сөзді Сұлтекең бастады. Қымызды бір жұтып, мұртын бір сипап қойып: – Қай жердің тумасысыз? – деді.

– Омбының Шарбақкөл ауданынанмын.

– Ол еліне барып тұрасың ба?

– Иә, екі-үш жылда барып тұрамын.

Сонан соң Сұлтекең лектордың бетіне тағы бір зер сала қарап алды да, сұқ саусағын кезеп: – 1923 жылы 19 тамызда егінді өртеп қашып кеткен, болыстық комитеттің төрағасы болған бала бар еді ғой, содан хабарың бар ма? – деді.

Шәкең сәл ғана жымиып: – Ақсақал шырамытып отырсыз ба? Ол мен ғой, – деді. Сұлтекең де түсі жылып: – Ол қалай болды? – деді.

Ол кезде біздің Шарбақкөл Петропавлға қарайтын. Облыста бір жиналыс болып, біздің ауданды мақтады, биылғы егіннің шығымын да атап өтті. Жиналыстан көңілді шықтым. Бір ат жеккен тарантаспен егіннің ортасымен салынған жолмен қайтып келе жатқанбыз. Жан-жағыма қарап көңілім тасып отырып, бір темекі тұтатып шырпыны лақтырып жібергенімді байқамай қалдым. Құрап тұрған егін лап ете қалды. Жазғы жеңіл киім ғой, пиджакты шешіп біраз сабаладық, дес беретін емес. Енді кешігуге болмайды, атты доғарып, көшір балаға «сау бол!» деп жайдақ атпен тартып отырдым. Содан сол елге 1954 жылы ғана бардым, – деп Шәкең тоқтады. Қымыздан тағы бір жұтып алды да:

– Ал біздің елді өте жақсы біліп отырсыз. Қалай таныс болғаныңызды айтсаңыз?

– Бұл былай – деп бастады Сұлтекең: – Менің әкем Түйтебай, оның әкесі Қасқыр. Әлсен деген кісі Қасқырмен бірге туысады. Қасқыр шаруа адам еді. Елден аспаса да біраз малы болған. Ал Әлсен би болған, болыс болған, қажыға барған. Қажы атамның болыс кезі. Патшаның «Июнь жарлығы» туралы циркулярды қолына алғанда, шабарманның көзінше жыртып: – Менің кәрі басымды қағып алса да қазақтың өрімдей жастарын көгендеп бере алмаймын – деп қағазды шашып жіберіпті. Осы оқиғаға байланысты қажы ата тұтқындалып, Ақмоладағы абақтыда еді, «енді Омбыға жібереді екен» деген хабар дүңк ете қалды. Мені әкемнің ағасы Жылтыр шақырып алып:

– Сен Омбымен арадағы елге мына хабарды жеткіз, – деді. Ол кезде мен Омбыдағы семинарияда оқитын кезім, жолдағы елді жақсы білем, ел иесі адамдарға түгелдей хабарды жеткіздім. Омбыға жетіп бірер күн тыныққып, кейін қайтар жолда қажыларға кездесіп, солармен бірге қозғалдым. Шарбақкөлге келсек, жол үстіне қонған ауыл бірыңғай керейдің есіктен төрге дейін он қадам үйлері. Қаптаған көп адамдардың ішінен ауыл иелері үлкендер келіп, қажыға сәлемдесті. Сол кезде ауыл иесі (аты жадымда сақталмады – Ә.Ж.) Омбы басшыларымен жақсы екен, осы тұтқындарға екі күнге кепілдік алыпты. Айдаушы орыстарға қағазын көрсетіп, оларды қайтарып жіберді. Ол елмен таныстығым содан басталды.

– Осы оқиғаның ішінде мен де болдым, – деді Шәкең. Сонда тұтқынның бірі ән салды ғой.

«Атты емеспіз жаяумыз,
Жаяудан да баяумыз.
Он бес сөтке жүргенде,
Омскіге таяумыз» деп.

– А, ол Шоңның Ахметжаны ғой!

– Сол ән сонікі ме?

– Ол әнді бұл өңірге әкелген мен едім. Оны біз Әлібектің әні дейтін едік. Әлібекті Шыңғыс төре итжеккенге жібермек болып Омбыға жаяу айдатқан ғой. Сонда шығарған деуші еді. Ал, 16-шы жылмен байланыстырылуы Ахметжаннан болса керек. Ол да қара жаяу емес. Жұрт қолқалаған соң, ән салды ғой, әйтпесе елде айтылатын сөз бар еді, әкесі бірде «нар баласы бақырмас болар» деп, тыйып тастапты.

Әлібектің Ақан серімен достығы, Қараторғайды сыйлауы, әкесі Зілқарадан сөз қалғаны – «мүмкін-ау» дегізгендей екен. Қазір осы ән осы елде айтыла ма?

– Айтқандарын естімедім, сірә менің ұсталуым осы әнді «бұктырған» болу керек. Шәкең сағатына қарап:

– Ал енді біз кетейік, – деді. Орнымыздан тұрып, шығуға ыңғайландық. Сұлтекең: – Қонағым, қайтып кел, кешке қон. Еліңнің қадірін білгем, құрметін көргем. Қонақасыңа тай соям, айналадағы елді шақырып той қылам, – деді.

Шәкең:

«Ертең бір жиналыс бар еді, онан қалуға болмайды, рахмет, сау болыңыз, – деді де, жүріп кеттік» депті Әліп Жайлыбай.

Біздікі ән тарихына қатысты аз-кем пікір, қолға түскен дерек. Кәдеге жарап жатса, ләзім. Арғы жағын өнертанушы халық өзі біледі.